

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 275 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 желтоқсанда № 7-10-109 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 52 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2012.02.01 № 52 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Сырым аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ауылдық округтердің әкімдеріне үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жаратқандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Ж. Батыр尼亚зовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Е. Нысанғалиев

Сырым аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы
----- Ж. Батыр尼亚зов

02.12.2011 ж.

Сырым ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 275 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі
және мәслихат депутаттығына барлық кандидаттар
үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру
орындары**

№	Ауыл атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны
1	Алғабас ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының шығыс жақ қанаты
2	Жаңа-Өңір ауылы	Жалпы білім беретін негізгі мектеп ғимаратының алды
3	Сасықкөл ауылы	Жалпы білім беретін негізгі мектеп ғимаратының алды
4	Аралтөбе ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының алды
5	Қызылағаш ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының сол жақ қанаты
6	Бұлан ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының батыс жақ қанаты
7	Жамбыл ауылы	Ауылдық клуб ғимаратының алды
8	Бұлдырты ауылы	С. Датұлы көшесінде орналасқан ауылдық кітапханасының оң жақ қанаты "Казпошта" ғимаратының сол жақ қанаты
9	Көгеріс ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
10	Қарақұдық ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
11	Жымпиты ауылы	Аудандық мәдениет үйі ғимаратының алды С. Датұлы және Б. Қаратаев көшелерінің қиылысының, Амангелді және Әйтеке би көшелерінің қиылысының қарсы беттері
12	1 Май ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
13	Қосарал ауылы	Ауылдық дәрігерлік амбулаториясының жанындағы ақпараттық тақта
14	Ағоба ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
15	Қарақұдық ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
16	Жетікөл ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
17	Қособа ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының алды
18	Жырақұдық ауылы	Жалпы білім беретін Жырақұдық орта мектеп ғимаратының көше жақ беті
19	Қоңыр ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әлеуметтік нысандар орналасқан ғимаратының сол жақ қанаты
20	Тамды ауылы	Ауылдық клуб ғимаратының алды
21	Талдыбұлақ ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының алды

22	Қазақстан ауылы	Қазақстан негізгі жалпы білім беретін мектеп ғимаратының алды
23	Тасқұдық ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимараты мен ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының аралығындағы алаң
24	Алатау ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт мен Алатау негізгі мектеп ғимаратының аралығындағы алаңы
25	Тоғанас ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының оң жақ қанаты
26	Аңқаты ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
27	Сегізүй ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
28	Қарағанды ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
29	Құспанкөл ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының алды
30	Шағырлой ауылы	Ауылдық округ әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының оң жақ қанаты
31	Жаңақоныс ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының оң жақ қанаты
32	Көздіқара ауылы	Ауылдық фельдшерлік пункт ғимаратының сол жақ қанаты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ